

Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТИ



«ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУ – МЕМЛЕКЕТТІК САЯСАТТЫҢ  
БАСЫМ БАҒЫТТАРЫНЫҢ БІРІ»

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТЕОРИЯЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯ

**МАТЕРИАЛДАРЫ**

Астана, 2011

**ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУ – МЕМЛЕКЕТТІК САЯСАТТЫҢ БАСЫМ  
БАҒЫТТАРЫНЫҢ БІРІ**

**Республикалық ғылыми-теориялық конференция**

**МАТЕРИАЛДАРЫ**

**2011 жылғы 30 қыркүйек – 1 қазан**

**Астана, 2011**

## МАЗМҰНЫ

<b>Абдвахитова Г.Н., Тілеужанова Г.Т.</b> Тіл – адамдар арасындағы қарым - қатынастың аса маңызды құралы .....	6
<b>Абдуова Б.С.</b> Уақыт концепті және морфологиялық шақ түрлерінің кодталуы.....	9
<b>Абуова З.Қ.</b> Қазақ тілін оқытудағы түйінді мәселелер және оны шешу жолдары.....	13
<b>Ақбұзауова Б.</b> Публицистикадағы салыстыру және метафора.....	16
<b>Алтынбекова О. Б., Никбаева К. М.</b> Қазақстан мектептері білім беру саласындағы мемлекеттік тіл.....	20
<b>Ахметова Қ.А.</b> Антилогизмдердің мәтіндердегі көрінісі.....	23
<b>Аширова А.</b> Мамандыққа қатысты кәсіби лексиканы оқытудың ерекшеліктері.....	28
<b>Әбдікәрім Т.М.</b> Аксеологиялық және антропологиялық пайым негізінде мәтіндеме құраудың әдістері.....	32
<b>Әділбек А.М.</b> С.Сейфуллин шығармаларындағы бірыңғай пысықтауыштардың қолданылу ерекшеліктері.....	37
<b>Әлісжан С.Қ.</b> Жастарды сөз мәдениетіне тәрбиелеудің кейбір мәселелері.....	42
<b>Байсова Л.Ж.</b> Қазақ тілі сабағында оқушыларды тіл мәдениетіне тәрбиелеуді ұйымдастырудың жолдары.....	44
<b>Бекмағамбетова Ә.М.</b> Е.Ыбыраев шығармаларындағы үнемдеу заңдылығы.....	49
<b>Берішева Л.Б.</b> Орта мектепте үш тілдегі әдебиеттерді оқыту мәселелері.....	52
<b>Біржанова Г.И., Сыдықова М.Д.</b> Бақсылық сарындағы сөз бен әуен үйлестігі.....	57
<b>Бөкен Г.</b> XX ғасыр басындағы қазақ поэзиясының поэтикалық жүйесі (Сұлтанмахмұт, Мағжан, Бернияз шығармашылықтары негізінде)....	60
<b>Досжан Г.А.</b> Ағылшын кірме терминдерін қазақ тіліне бейімдеудегі латын графикасы негізіндегі ұлттық әліпбидің рөлі.....	63
<b>Ермекова Ж.Т.</b> Маркеры казахской культуры в словесных образах Д. Накипова.....	68
<b>Еспекова Л.Ә.</b> Қазақ тілінің дыбыстық жүйе құрылымына қатысты ұғымдарды біріздендіру мәселелері.....	73
<b>Жақыпов Ж.А.</b> Сөзтіркесім және контекст.....	75
<b>Жолшаева М.С.</b> Қытайда жарық көрген «қазіргі қазақ тіліндегі» мөлшерлік сөз табына лингвистикалық талдау.....	82
<b>Жумина Б. С.</b> Орыс сыныптарында мәтін арқылы тіл дамыту жұмыстары.....	87
<b>Жұматай С.М.</b> Шетелдіктерге қазақ тілін үйрету ерекшеліктері.....	91
<b>Иманалиева Ғ.Қ.</b> Орыс тілді аудиторияда студенттердің сөйлеу шеберлігін қалыптастыру.....	97

<b>Иманқұлова С.М.</b> Қазақ тілін деңгейлеп оқыту және жүйелілік мәселесі.....	101
<b>Исақұлова Ш.Қ.</b> Жаңа атаулардың газеттегі қолданысы.....	104
<b>Күзекова З.С., Шаңлақбаева Ш.Б.</b> Қазақ тілін оқытудағы инновациялық технологиялар.....	108
<b>Қамаева С.А.</b> Кәсіби мәтіндердің кредиттік оқыту жүйесіндегі орны.....	113
<b>Қасым Б.</b> Кәсіби-іскерлік қазақ тілін оқыту әдістемесі.....	116
<b>Қияқова Р.Ж.</b> Грамматикалық тұлғалардың ауысуы.....	120
<b>Құрманбай Г.С.</b> Орыс тілді аудиторияда қазақ тілін оқытудың жаңа бағыттары мен технологиясы.....	124
<b>Құрман Н.Ж.</b> Қазақстан Республикасының тілдік саясаты және қазақ тілін оқыту әдістемесін дамыту мәселелері.....	129
<b>Құсайынова А.Ж.</b> Сенімділік модальді мағынасының синтаксистегі көрінісі.....	136
<b>Майнова И.С., Исақұлова Ш.Қ. Ж.</b> Аймауытов пен М. Жұмабаевтың педагогикалық идеяларының білімгер құзыреттілігін қалыптастырудағы маңызы.....	140
<b>Манғышева С.Ж.</b> Қазақ тілін мамандыққа қатысты оқытудың өзіндік ерекшеліктері.....	143
<b>Мәкенов Қ.М.</b> Қазақ тілін деңгейлеп оқытудың кейбір ерекшеліктері.....	148
<b>Мәуленова Б.М.</b> Мемлекеттік қызметкерлерге тілдік портфельді қолдануды меңгерудің жолдары.....	152
<b>Найманбай А.Р.</b> Орыс тілді аудиторияда газет мәтінін оқыту ерекшеліктері.....	157
<b>Нургужина Г.М.</b> Қазақ тілі сабағында суретпен жұмыс істеу әдісі.....	161
<b>Нұрмаханбетова А.Қ.</b> Қазақ тіліндегі жатыс септігінің қызметі мен мағыналық сипаты.....	165
<b>Оспанқұлова Г.Б.</b> Энергетика терминдерінің зерттелуі.....	170
<b>Өтелбай Г.Т.</b> Сөздіктердің қалыптасуы мен дамуы тарихынан.....	174
<b>Резуанова Ғ.Қ.</b> Мемлекеттік тілді үйрету мен оқытудың жаңа технологиясы мен ғылыми негізі.....	179
<b>Рысбай Б.</b> Сөз таптары жүйесіндегі тілдік құбылыстар.....	184
<b>Садуақасов А.Қ.</b> Әлем қазақтарының тіл және жазу мәселесін шешудің саяси технологиялары.....	188
<b>Салқынбай А.Б.</b> Елбасының мемлекеттік тілге қатысты концепциялары.....	192
<b>Сандыбаева А.Т.</b> Іс-әрекет субъектісінің зерттелуі.....	196
<b>Сейсебаева Ж.Ш.</b> Қазақ тілі сабағында оқушылардың логикалық ойлауын дамыту.....	200
<b>Сергазина Г.М.</b> Тіл үйрену пән емес, іс-әрекет және үрдіс.....	204
<b>Смағұлова Г.Н.</b> Мәдениаралық қатысым: тұрақты тіркестердегі киелі сандар.....	207



жасалып жатқан жұмыстың бәрі осы саланы дамыту мақсатында жүзеге асырылуда.

Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Қазақстан Халықтары Ассамблеясының XII сессиясында сөйлеген сөзінде: «Мемлекеттік тіл – елдің барша азаматтарын біріктіретін, ту, елтанба, әнұран секілді нышан. Патриотизммен тығыз байланысты мемлекеттік маңызды мәселе – мемлекеттік тіл мәселесі. Ол елдің барша азаматтарын біріктіруі тиіс.

Қоғамға біздің тіл саясатымыздың мәнін тереңірек түсіндіру керек. Ол кез келген мемлекеттің ұлт саясатының өзегі...» - деп нақты ашып айтты. Әрине, ұлттың ұлы байлығы, басты тұғыры – тіл екені ақиқат.

Ел егемендігінің басты сипаттарының бірі – мемлекеттік тіл болғандықтан, білім беру ұйымдарында қазақ тілін оқытып, үйрету сапасы Қазақстан Республикасының болашағын айқындауға маңызды ықпал ететіндігі даусыз.

Қазақстан Республикасының «Тіл туралы» Заңын жүзеге асыру мақсатында жас ұрпаққа қазақ тілінің мәртебесі мен маңызын, сөз құдіретін насихаттап тәрбиелеу мақсатында қазақ тілі мен әдебиеті пәндері бойынша жаңа инновациялық технологиялармен жұмыс істеудің әдістері мен тәсілдерін оқу-тәрбие үрдісінде пайдалануда көптеген іс-шаралар ұйымдастырылып, қазақ тілін оқыту үшін қолданылатын жаңа педагогикалық технологияларды қандай жолмен ендіру керектігі туралы да ой – пікірлер айтылуда және тәжірибеге енуде. Солардың барлығының басты мақсаты мен міндеті – тіл үйрету жеке пән емес, ол – үрдіс, іс-әрекет, тәжірибе болуы тиіс деп ойлаймын. Ойға ой қос, әріптес!

#### **МӘДЕНИАРАЛЫҚ ҚАТЫСЫМ: ТҰРАҚТЫ ТІРКЕСТЕРДЕГІ КИЕЛІ САНДАР**

*Смағұлова Г.Н.*

*Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың профессоры*

*Хазимова Ә.Ж.*

*«Хейлибери-Алматы» мектебінің*

*қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, ф.ғ.к.*

*(Алматы)*

XXI ғасыр әлемдегі түрлі ел, халық, ұлттар арасындағы мәдени байланыс арқылы бір-бірін «тану», білу мүмкіндіктерін мейлінше нығайтуға ден қойды. Әлеуметтік топтар мен мемлекеттік институттар, қоғамдық қозғалыстар және жекелеген мәдениет қайраткерлері арасындағы мәдени қарым-қатынас барынша тереңдеп, жан-жақты өркендеуі үшін мұндай үдеріс барлық елдің қоғамдық өмірін түгел қамтыды.

Өзге тілді аудиторияда мәдени байланысты қалыптастыру оқытудың басты нәтижесі болмақ. Бұл ретте мәдениаралық қатысым мәселелері айырықша ізденуді қажет етеді.

Өзге тілді аудиторияда ұлт мәдениетінің түрлерін насихаттау мәдениаралық қатысымды барынша пәрменді етуге және оқушылардың танымдық ой-өрісін жан-жақты тереңдетуге ықпал етеді. Елді танытудың